

Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 14 наурыздағы № 74 "Шемонаиха ауданы бойынша коммуналдық қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 22 ақпандадағы № 66 қаулысы

Шемонаиха ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 14 наурыздағы № 74 "Шемонаиха ауданы бойынша коммуналдық қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

Көрсетілген қаулымен бекітілген Шемонаиха ауданы бойынша коммуналдық қызметтер көрсету қағидаларында:

2-тармақта:

10), 13), 14), 15) тармақшалары келесі редакцияда жазылсын:

"10) коммуналдық көрсетілетін қызметтер-тұтынушыға ұсынылатын қауіпсіз және жайлы тұру (булу) жағдайларын қамтамасыз ету үшін сүмен жабдықтауды, су бұруды, газбен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды, қоқысты жоюды, лифттерге қызмет көрсетуді қамтитын көрсетілетін қызметтер";

"13) кондоминиум объектісі – жеке (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, тұрақ орындарынан, қоймалардан және жеке (бөлек) меншікті бола алмайтын және бірыңғай меншікті қоса алғанда, ортақ үлестік меншік құқығындағы пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, тұрақ орындарының, қоймалардың меншік иелеріне тиесілі ортақ мүліктен тұратын бірыңғай мүліктік кешен көппәтерлі тұрғын үйдің астындағы бөлінбейтін жер учаскесі және (немесе) үй жанындағы жер учаскесі;

"14) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі-кондоминиум объектісінің бөліктері (қасбеттер, кіреберістер, вестибюльдер, холлдар, дәліздер, баспалдақ марштары мен баспалдақ аландары, лифттер, шатырлар, шатырлар, техникалық қабаттар, жертөлелер, жалпы үй инженерлік жүйелері мен жабдықтары, абоненттік пошта жәшіктері, көппәтерлі тұрғын үйдің астындағы жер учаскесі және (немесе) үй жанындағы жер учаскесі, жеке (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, тұрақ орындарынан, қоймалардан басқа);

"15) жалпығайлік инженерлік жүйелер – сұық және ыстық сүмен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, тұтін шығару, ерт дабылы, ішкі өртке қарсы су құбыры, жүк және жолаушылар лифттері (көтергіштер), қоқыс шығару, кондиционерлеу, желдету, терморегуляция және вакуумдау жүйелері, пәтердің сыртындағы немесе ішіндегі көппәтерлі тұрғын үйде орналасқан төмен токты

инженерлік жүйелер, тұрғын емес үй-жай, тұрақ орны, қоймалар және екі (екі) және одан да көп пәтерге, тұрғын емес үй-жайларға, тұрақ орнына, қоймаға, үй-жайларға қызмет көрсететін".

4 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"4. Қосылыс желісі арқылы коммуналдық қызметтер үшін тұтынушы мен коммуналдық қызметтерді жеткізуши арасында жеке және (немесе) жария шарттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалады..

Меншік иелерінің бірлестіктері немесе қарапайым серіктестіктер немесе көппәтерлі тұрғын үй менеджерлері немесе басқаруши компаниялар коммуналдық қызметтерді жеткізушилермен (қызметтің әр түріне) ынтымақтастық туралы шарттар жасайды.

Мұлік иелерінің бірлестіктері немесе жай серіктестіктер немесе көппәтерлі тұрғын үйді басқарушилар немесе басқаруши компаниялар кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауга сервистік қызмет субъектілерімен ынтымақтастық шартын жасасады.

Тікелей бірлескен басқару кезінде ынтымақтастық шарттары кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауга коммуналдық қызметтер көрсететін ұйымдар және пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың барлық меншік иелерімен немесе пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің көвшілігімен жасалады. Бұл ретте пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің барлығы немесе көвшілігі шарттың бір тарабы ретінде әрекет етеді

Егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсыну туралы жеткізуши мен тұтынушы арасындағы шарт қолданыстағы заңнамаға қайшы келмеуі тиіс және белгісіз мерзімге жасалған болып саналады.

7 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

7. Мұліктің меншік иелері бірлестігінің төрағасы немесе жай серіктестіктерін сенім білдірілген адамы не көппәтерлі тұрғын үйді басқаруши немесе басқаруши компания үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтардың, сондай-ақ кондоминиум объектісінің ортақ меншігі болып табылатын есепке алу аспаптарын техникалық күйінде күтіп-ұстауды қамтамасыз ету үшін сервистік қызмет субъектісімен шарт жасасады.

Сервистік қызмет субъектілерін таңдауды пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері жиналыста не мұндай өкілеттіктер берілген жағдайда үйдің кеңесі жүзеге асырады.

Сервистік қызмет субъектісімен шарт болмаған жағдайда, мұліктің меншік иелері бірлестігінің төрағасы немесе жай серіктестіктерін сенім білдірілген адамы не көппәтерлі тұрғын үйді басқаруши немесе басқаруши компания не тікелей бірлескен басқару кезінде пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың барлық иелері үйге ортақ инженерлік жүйелерін, сондай-ақ кондоминиум объектісінің ортақ меншігі болып табылатын есепке алу аспаптарын техникалық күйінде күтіп-ұстауды қамтамасыз етеді.

2-тaraу 3-1-тармақпен толықтырылсын:

3-1. Көппәтерлі тұрғын үйге (кешенге) Тапсырыс беруші объектіні пайдалануға бергеннен кейін тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің алдын ала келісімі бойынша тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері мен коммуналдық қызметтерді (қызметтердің әрбір түріне) берушілер арасында оларды кейіннен жасасу (қол қою) үшін шарттардың жобаларын дайындайды.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шемонаиха ауданының әкімі

Г. Акулов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК